

2000 жылға арналған Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына N 20 толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 03 тамыздағы N 348 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 10 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1217

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 ақпандағы N 164 P000164_ " Вячеслав су қоймасынан Астана қаласына дейін суағардың үшінші желісі құрылысын салу жобасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" және 2000 жылғы 8 шілдедегі N 1035 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1872 P991872_ қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулыларына сәйкес бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V990715_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" бұйрығына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына:

"7.3 Сумен жабдықтау" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"7.3.131 Астана қаласының әкімі

"7.3.131.33 Вячеслав су қоймасынан Астана қаласына дейін суағардың үшінші желісі құрылысын салу жобасын іске асыру";

"10.4.218.50.30 Зайсан-Ертіс балық қорларын қорғау және балық аулауды

реттеу су айдыны басқармасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"10.4.218.50.30 Биоресурстарды қорғау жөніндегі Балқаш аймақтық мекемесі";

"10.4.218.50.32 Орал-Каспий балық қорларын қорғау және оларды ұтымды пайдалану жөніндегі облысаралық су айдыны басқармасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"10.4.218.50.32 Биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік Каспий аймақтық мекемесі".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК